



# Ет қоректілер дифиллоботриозы

ОРЫНДАҒАН: ЗҮЛМАТ М.

ТОП: ВМ-406

ТЕКСЕРГЕН: УСМАНГАЛИЕВА С. С.

# Жоспар.


- ▶ **Кіріспе**
- ▶ Дифиллоботриозға анықтама
- ▶ Дифиллоботриоз қоздырушысы
- ▶ Дифиллоботриоздың өсіп, өнуі
- ▶ Дифиллоботриоз эпизоотологиясы
- ▶ Аурудың өрбуі және сырт белгілері
- ▶ Дифиллоботриоз емі
- ▶ **Қорытынды**

# Кіріспе

- ▶ **Цестодтар** (грек. Cestos – таспа,+ eidos бітімі) бітімі таспаға ұқсаған, жалпақ құрттар. Бұлар тудыратын ауруларды **цестодоздар** деп атайды. Таспалы, яғни жынысы жетілген имагиналдық түрі омыртқалардың асқорыту жүйесін мекендейді, ал олардың ларвоцисталары(көпіршіктері) немесе балаңқұрттары омыртқалы немесе омыртқасыздардың әр түрлі мүшелері мен ұлпаларына орналасады.

# Дифиллоботриоз

Схема развития  
возбудителя  
дифиллоботриоза



Жыртқыш аңдар дифиллоботрилзы — антропозоонозды, табиғи ошақты гельминтоз. Қоздыруышысы *Dipillobotrium latum* - баулы құрттар тегіне жатады. Ол өзінің ақтық иелерінің, атап айтқанда иттің, мысықтың, түлкінің, көгілдір түлкінің және адамның ащы ішегін мекендейді. Олардың аралық иелері- ескек аяқты шаяндар-циклотоптар, диаптомустар, ал қосымша иелері — тұщы су балықтары: шортан, алабұға, лақа, таутан және т.б

- ▶ **Dipillobotrium minus** —қысқы баулы құрт, қоңыр түсті, ұзындығы дейін 26 см, ені 11 мм жетеді. Буынаяқтардың артқы қабырғалары ара тістеріне ұқсайды.
- ▶ **Dipillobotrium strictum** —жіңішке баулы құрт, ұзындығы 47 см, ал ені 4 мм. Жетілген буынаяқтары ұзынша келеді.
- ▶ **Dipillobotrium tungussicum** —тунгусс баулы құрты, ұзындығы 63 см, ені 3,6 мм дейін жетеді. Буынаяқтары қысқа келеді. Жұмыртқасы грек жаңғағына ұқсас. Барлық баулы құрттар биогельминттер болып табылады.

# Дифиллоботриоз

Ақтық иелері

Ит

Мысық

Түлкі

Көгілдір түлкі

Адам

Аралық иелері

Ескек аяқты  
шаяндар -  
циклотоптар

Диаптомустар



Қосымша иелері

Тұщы су балықтар:  
шортан, алабұға,  
лақа, таутан және  
т.б.

# Дифиллоботриоз қоздырушысы


- ▶ ***Dipillobotrium latum*** – жалпақ баулы құрт, ұзындығы 10м (терісі бағалы аңдарда 1,5 м-ден аспайды), басында сорғыштар болмайды, ал олардың қызметін 2 саңылау немесе ботриялар атқарады. Стробиласы көптеген бунақтардан құралған, оның ені ұзындығынан едәуір үлкен. Көптеген ендер (700-800) бунақтың екі жақ қапталын алып тұрады. Тұқымдығы көбелектің қанатына ұқсас. Жыныс мүшелері буылтықтың орта тұсынан ашылады, олар үшеу: еркек, ұрғашы және жатыр тесіктер. Ұсақ жұмыртқалары жетілмеген, сұрғылт түсті, сопақша келеді және қақпақшамен жабдықталған.

# Дифиллоботриоз





# Дифиллоботриоздың өсіп, өнуі



Жұмыртқалар тұщы суға нәжіс арқылы түсісімен тіршілігін жалғастыра бастайды, олардың ішіндегі ұрықтар дамиды. 3-5 айдан кейін жұмыртқаның қақпақшасы ашылып, ішінен ұрығы немесе корацидий сыртқа шығып, су бетінде қалқып жүреді. Көп ұзамай корацидийлер уақ шаян тәрізділерге жем болады да, олардың денесінде 2-3 жұмадан соң, екінші ұрпақ сатысы процеркоидқа айналады. Процеркоидтар әдетте балық қорегі боп, саналады. Олар балықтардың ішегі арқылы құрсақ қуысына, бұлшық етке, тері астына барып орналасады. Мұнда олар есейеді, тұрқы 1мм-ге жетеді. Залалданған балықты ит пен басқа етқоректілер немесе адам жеп, құртты жұқтырады. Олардың ащы ішегінде 1-2,5 ай аралығында жалпақ бауы құрт өсіп шығады. Ішқұрт адамда 10 жылға дейін тіршілік етеді, ал аңдарда 2-3 айдан аспайды.

## Дифиллоботриоздың даму сатылары


Жұмыртқа (3-5 ай)

Корацидий (2-3 апта)



Процеркоид (тұрқы 1 мм-ге жетеді)

Жалпақ баулы құрт (1-2,5 ай). Ішқұрт адам организмінде 10 жылға дейін, ал аңдарда 2-3 ай тіршілік етеді.

# Дифиллоботриоз жұмыртқасы



*Diphilobothrium latum*, дифиллоботриоздың үш үзілмелі  
буынаяқтары (гематоксилинмен, карминмен боялған)




# Лентец широкий

розетковидная матка



головка



зрелые членики



# Дифиллоботриоз эпизоотологиясы



Дифиллоботриоздың көп тараған жерлері өзен, көл жағалауынан қоныс тепкен елді мекендер. Бұл гельминтоз Қазақстанда Ертіс және оған барып құятын өзендер бойына орналасқан жерлерде кездеседі. Баулы құрт ошақтары Япония, Россия, Финляндия, Швейцария, Италияда кең тараған.

**Өлекседегі өзгерістер айқындалмаған.**

Гельминтозға диагноз қою үшін аңдар нәжісін сумен шайып Фюллеборн, Котельников, Дарлинг, Хренов алқыту гельминтоовоскопия әдістерін пайдаланады. Өлексені сойғанда ішінен таспа құрт табылады.

## Аурудың өрбуі және сырт белгілері

Құрт жұққан жануардың ішегі құртқа толып бітеліп қалуы мүмкін, құрттың уыты жүйке мен қан айналымы жүйелерінің қызметін бұзады. Дерттің қозуына себепкер шарттың негізгісі – денедегі эндогенді авитаминоз немесе витамин В-12 тапшылығы. Ауруға шалдыққан ит пен мысықтың тәбеті бұзылған, олар көп жағдайда құсады, біртіндеп арықтайды.



- ▶ Ит ішегінде дифиллоботриоз жетілген сатысына 13-23 тәулікте, түлкі 16-36, көгілдір түлкі (песец) 21-26, адамда - 60 тәулікте дамиды. Гелбминттің өмір ұзақтығы адам организмінде 29 жылға дейін, итте - 394 тәулік, көгілдір түлкі - 389, түлкі -112, мысықта 21-27 тәулікке дейін жетеді.





# Дифиллоботриоз емі

Сүт қоректілерге, өзге ішек цестодоздарына қарсы қолданылатын дәрілермен дегельминтизация жүреді.

Бром-сутегі ерітіндісінде ареколин 0,004 г/кг (бір бергенде мөлшері 0,12 г-нан аспауы керек);

Фенасал - 0,25 г/кг ;

Лопатол - 0,2 г/кг мөлшерінде;

Празиквантел (дронцит) – 0,005 г/кг;


Бунамидин - 0,05 г/кг дозасында берген жақсы нәтиже береді. Препараттарды азыққа араластырып береді.



# Спарганоз (дифиллоботриоз)

Дифиллоботриоз ауруы кезінде, *D. erinacei europaei* шақыратын, процеркоид балаңқұрттары тері шелінде және ішкі мүшелерді өмір сүреді. Сөйтіп спарганоз ауруын тудырады. Адамдар арасында өте сирек кездеседі. Аю, мысық, ит, жабайы қабан организмінде кездеседі. Ауру конъюнктивитпен, крапивницамен, тері астында түйіндер мен абцесстермен сипатталады. Негізінен ауру Япония, Россия, Беларусия, Шығыс Африкада кең таралған. Емі. Хирургиялық жолмен балаңқұрттарды алып тастау және де тиабендазолды қолдану.

1953 жылдан 2005 жылға дейін спарганоздан өлген адам саны 300- ге ғана жуық.



# Спарганоз



# Қорытынды

- ▶ Дифиллоботриоз кездесетін аймақтарда ит, мысық т. б. аңдарға шикі балық бермеу керек. Басы артық бұралқы иттер мен мысықтарды жойған жөн. Сауда нүктелерінде шортан, алабұға, лақа т.б. Балықтар малдәрігерлік сраптан өтуі тиіс. Аталған цестодоздан адам мен аңдарды сақтандыру үшін, санитарлық насихат жұмысын жүргіген орынды.